

**"Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 118 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 14 сәуірде № 15014 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы аттестаттың нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестаттың нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаның нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес білім туралы аттестаттың нысаны;"

көрсетілген бұйрыққа 2, 3, 4 және 5-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 35-қосымшада:

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, техникалық және кәсіптік білім туралы диплом, орта білімнен кейінгі білім туралы диплом, бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом, біліктілік берілетін жоғары білім туралы диплом, магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом, сондай-ақ кәсіптік даярлау туралы куәлік беру үшін тиісті (емтихан, біліктілік, аттестаттау) комиссияның шешімі негіздеме болып табылады.

Интернатураны немесе резидентураны бітіргені туралы куәлікті беру үшін аттестаттау комиссиясының шешімі негіздеме болып табылады.

Түзету білім беру ұйымында білім алушыға білім туралы куәлікті беру үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негіздеме болып табылады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дипломын беру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының (бұдан әрі – Комитет) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру жөніндегі бұйрығы негіздеме болып табылады.

Қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор аттестатын беру үшін Комитет төрағасының қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағын беру жөніндегі бұйрығы негіздеме болып табылады.

9. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға негізгі орта білім туралы үздік аттестат, жалпы орта білім туралы үздік аттестат, техникалық және кәсіптік білім туралы үздік диплом, орта білімнен кейінгі білім туралы үздік диплом, жоғары білім туралы үздік диплом Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерне сәйкес беріледі."

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2017 жылғы 14 наурыздағы  
№ 118 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан

## Негізгі орта білім туралы аттестат

Негізгі орта білім туралы А Т Т Е С Т А Т НОБ № _____ О с ы _____ аттестат	А Т Т Е С Т А Т об основном среднем образовании НОБ № _____ Настоящий _____ аттестат _____ выдан
(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) О л _____ берілді _____ жылы	(фамилия, имя, отчество) (при его наличии) в том, что он (-а) в _____ году _____ окончил (а) _____
(білім беру ұйымының толық атауы)	(полное наименование организации образования) и освоил (-а) _____
бітірді және негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгерді	общеобразовательную учебную программу основного среднего образования
Директор _____ / _____ /	Директор _____ / _____ /
Директордың орынбасары _____ / _____ /	Заместитель директора _____ / _____ /
Сынып жетекшісі _____ / _____ /	Классный руководитель _____ / _____ /
М . О . _____ жылғы " ____ " _____ берілді	М . П . Выдан " ____ " _____ года
Елді мекен _____	Населенный пункт _____
Тіркеу нөмірі № _____	Регистрационный номер № _____

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2017 жылғы 14 наурыздағы  
№ 118 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бұйрығына  
3-қосымша  
Нысан

## Негізгі орта білім туралы үздік аттестат

--	--

Негізгі орта білім туралы үздік А Т Т Е С Т А Т НОБ № _____ Осы аттестат _____	А Т Т Е С Т А Т с отличием об основном среднем образовании НОБ № _____ Настоящий аттестат выдан
(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) _____ берілді	(фамилия, имя, отчество) (при его наличии) _____ в том, что он (-а) в _____ году
Ол _____ жылы _____	окончил (а) _____
(білім беру ұйымының толық атауы) _____	(полное наименование организации образования) и освоил (-а) _____ общеобразовательную
бітірді және негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгерді	учебную программу основного среднего образования
Директор _____ / _____ /	Директор _____ / _____ /
Директордың орынбасары _____ / _____ /	Заместитель директора _____ / _____ /
Сынып жетекшісі _____ / _____ /	Классный руководитель _____ / _____ /
М . О . _____ жылғы " ____ " _____ берілді	М . П . Выдан " ____ " _____ года
Елді мекен _____	Населенный пункт _____
Тіркеу нөмірі № _____	Регистрационный номер № _____

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2017 жылғы 14 наурыздағы  
№ 118 бұйрығына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бұйрығына  
4-қосымша  
Нысан

## Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша

Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша (НОБ № _____ аттестатсыз жарамсыз)	Приложение к аттестату об основном среднем образовании (без аттестата НОБ № _____ недействительно)
(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) Оқыған кезінде _____	(фамилия, имя, отчество) (при его наличии) за время обучения в _____
(білім беру ұйымының толық атауы) мынадай білімін көрсетті:	(полное наименование организации образования)
қазақ тілі _____	показал (-а) следующие знания:
қазақ әдебиеті _____	казахский язык _____
орыс тілі _____	казахская литература _____
орыс әдебиеті _____	русский язык _____
ана тілі _____	русская литература _____
( ) әдебиеті _____	родной язык _____
шет тілі _____	( ) литература _____
алгебра _____	иностраный язык _____
геометрия _____	алгебра _____

информатика _____	геометрия _____
сызу _____	информатика _____
география _____	черчение _____
биология _____	география _____
физика _____	биология _____
химия _____	физика _____
дүние жүзі тарихы _____	химия _____
Қазақстан тарихы _____	всемирная история _____
Адам.Қоғам.Құқық. _____	история Казахстана _____
өзін-өзі тану _____	Человек.Общество.Право. _____
бейнелеу өнері _____	самопознание _____
музыка _____	изобразительное искусство _____
технология _____	музыка _____
дене шынықтыру _____	технология _____
таңдауы бойынша курстар _____	физическая культура _____
_____ факультативтік курстар _____	курсы по выбору _____
бойынша бағдарламаны орындады.	Выполнил (-а) программу по факультативным
Директор _____/ _____/	курсам _____
Директордың орынбасары _____/ _____/	Директор _____/ _____/
Сынып жетекшісі _____/ _____/	Заместитель директора _____/ _____/
М.О. _____	Классный руководитель _____/ _____/
	М.П. _____

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2017 жылғы 14 наурыздағы  
№ 118 бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бұйрығына  
5-қосымша  
Нысан

## Білім туралы аттестат

Білім туралы	А Т Т Е С Т А Т
А Т Т Е С Т А Т	о б о б р а з о в а н и
БТ № _____	БТ № _____
Осы аттестат _____	Настоящий аттестат выдан _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) _____	фамилия, имя, отчество) (при его наличии) _____
б е р і л д і .	_____ в том, что он (-а) в _____ году
Ол _____ жылы _____	Окончил (-а) _____
(арнайы білім беру ұйымының (мектебінің) _____	(полное наименование специальной
т о л ы қ а т а у ы ) _____	организации образования (школы)) _____
бітірді және мынадай білімін көрсетті:	и показал (-а) следующие знания:
қазақ тілі _____	казахский язык _____
оқу және сөйлеуді дамыту _____	чтение и развитие речи _____
орыс тілі _____	русский язык _____
математика _____	математика _____

информатика _____	информатика _____
қоршаған әлем _____	мир вокруг _____
жаратылыстану _____	естествознание _____
география _____	география _____
Қазақстан тарихы _____	история Казахстана _____
қоғам және құқық _____	общество и право _____
мінез-құлық мәдениеті _____	культура поведения _____
бейнелеу өнері _____	изобразительное искусство _____
музыка _____	музыка _____
әлеуметтік-тұрмыстық бағытталу _____	социально-бытовая ориентировка _____
жалпы еңбекке баулу _____	общетрудовая подготовка _____
кәсіби-еңбекке баулу _____	профессионально-трудовое обучение _____
бейімдік дене тәрбиесі _____	адаптивная физическая культура _____
кәсіптік еңбекке баулу _____	профессионально-трудовое обучение _____
( к ә с і б і )	
Директор _____/ _____/	( п р о ф е с с и я )
Директордың орынбасары _____/ _____/	Директор _____/ _____/
Сынып жетекшісі _____/ _____/	Заместитель директора _____/ _____/
М . О .	Классный руководитель _____/ _____/
Елді мекен _____	М . П .
_____ жылғы "___" _____ берілді.	Населенный пункт _____
Тіркеу нөмірі № _____	Выдан "___" _____ года
	Регистрационный номер № _____